

Ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2008 жылы 18 ақпандағы N 6-36 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 20 ақпанда N 2-4-64 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 05 қарашадағы N 8-67 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 05.11.2012 N 8-67 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабы 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім ресми түрде жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы *С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,*
С. Серпербаев